

мемлекетімізді өз дәрежесінде көрсете аламыз. Яғни, бүгінгі Қазақстан Республикасы аталатын мемлекетіміз – XV ғасырда өмірге келген Қазақ хандығының тарихи жалғасы. Кешегі Алаш зиялыларының өз өмірін арнаған асыл армандарының орындалғандығының көрінісі. Біздің төл тарихымызда жас ұрпақ санасында мақтаныш сезімін туғызатын өнегелі істер жетіп артылады.

Тарихтан белгілі, Мәңгілік ел идеясының бастауы халықтың асқақ арманымен үндесіп, тамырын тым тереңнен алады. Нақтылы деректерге сүйенсек, осыдан 13 ғасыр бұрын Тоныкөк абыз «Түркі жұртының мұраты – Мәңгілік ел» деп өсиет қалдырған екен. Енді сол Мәңгілік ел – Тәуелсіз Қазақстанның ұлттық идеялогиясына, басты темірқазық – бағыт-бағдарына айналып отыр.

Әрине, Қазақ жерінде бұдан бес жарым ғасыр уақыт бұрын да біздің ата-бабаларымыз тұрған, ұрпақ өсіріп, басты байлық – туған жерімізді өздерінің кейінгі ұрпағына аманат еткен [4, 167 б.].

«Мәңгілік ел -2050» жобасы, ел тарихындағы біз аяқ басатын жаңа дәуірдің кемел келбеті. Басты мақсат – Қазақстанның ең дамыған 30 мемлекеттің қатарына қосылуы. Алайда, оған бар күш-жігерімізді салып, белсене ат салысуымыз қажет. Тәуелсіздік, мемлекеттік нығым деген ең кішкентайда нәрселерден бастау алады. 2050 жыл..! Осы бір уақытты көз алдыға елестеткенде әрбір азаматтың ойына ең алдымен туған жерінің шарықтап өсуі келеді.

Алдыға қойған ұлы мақсаттары бар, ертеңіне сеніммен қарайтын, жастары алғыр, жаңалыққа жаны құштар, рухы биік ел ғана мәңгілік ел болып ғасырлар бойы жасайды. Олай болса Елбасы салған сара жолдан таймайық, елдігіміз бен туған тіліміз мәңгілік жасай берсін!

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстанның жаңа тарихы I том. - Алматы 2012 жыл.
2. Батыс Қазақстан облысы. Энциклопедия, - Алматы: «Арыс» баспасы, 2002 жыл.
3. Қазақстанның жаңа тарихы II том. - Алматы 2012 жыл.
4. Отырар, Энциклопедия.-Алматы: «Арыс» баспасы, 2005 жыл.

«Мәңгілік Ел» идеясы

Кәрібай Асылзат

Ғылыми жетекші: Баймухан С.Б

«Мәңгілік Ел – ата-бабаларымыздың сан
мың жылдан бергі асыл арманы»

Н.Ә.Назарбаев

Алты алаш баласы үшін «Мәңгілік» ұғымының астары анағұрлым терең. Ежелгі бабаларымыз мәңгілік туралы ұғымдарын сонау есте жоқ ескі замандарда уақыт пен кеңістік аясында шексіздікпен ұластырып жартас бетіне бедерледі. Мәңгілік қанатты пырақ, хан арбаның доңғалағы, би – күй, шаңырақ деп ишаралады. Білге қаған, дана Тоныкөк, Мойыншор ескерткіштерінде «Түркі елін көкте Тәңір мәңгі ел етті, өлмесін деді... Әу баста астыда қара жер, үсте көк Тәңір жаралғанда ортада кісі ұғылы пайда болды. Кісі ұғылының үстіне түрік қағандары патша боп отырды, ел қылды, төрткүл дүниені әділ биледі... Мың күнге, түмен жылға жетер өсиетімді ұрпақтарға жетсін деп мәңгі тасқа тоқыдым» деген сөздер бедерленген.

Демек, бұл қақпа – Еуразия кеңістігінде еңсесін тіктеп, төрткүл дүниені уыздай ұйыған жарасымы мен бірлігіне, алғабасар идеяларына ұйытқан бейбітшілік қақпасы болмақ. Бұл салтанат қақпасы – жаһандану дәуіріндегі өркениеттер мен мәдениеттердің, алақұйын ақпараттардың толайым ағысын сүзгіден өткізіп, Қазақия тарабына қалпымызға лайықтап өткізетін рухани өткізгіш іспеттес, басты ордамыздың бағын үстем ететін бірегей

кешен. Көне түркілер аңсаған Мәңгілік Ел – бүгінгі қазақ мемлекеті. Ежелгі Ұлы даланың мұрагері, ұлтын сүйетін перзент, құнды дәстүрлердің мирасқоры ретінде қазақ елі басшысының «Мәңгілік Ел» идеясын жаңғыртуы – заңдылық әрі перзенттік парыз.

Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігінің 25 жылдығы – халқымыздың бастан кешірген елеулі оқиғаларының бірі. Осы жылдар аралығында Қазақстан әлемде дамыған 50 мемлекеттердің қатарына қосылды. Болашаққа жоспарланған 2030-стратегиясын мерзімінен бұрын іске асырып, алдағы мақсаттарды айқындау үшін Қазақстан-2050 жоспарын қолға алды. Ұлттың дамуын нақтылайтын, алға жетелейтін 5 институционалды реформа белгіленіп, ол реформаларды жүзеге асыратын 100 нақты қадам бойынша бүгінде нақты істер жүзеге асырылып жатыр.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына «Қазақстан жолы – 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты 2014 жылғы Жолдауында «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық патриоттық идеясы ұсынылды.

Аталған идея қазақ елінің ғасырлар бойы армандаған мақсаты ғана емес, Тәуелсіздік жолындағы жанқиярлық еңбегі мен тынымсыз шығармашылығының нәтижелері арқылы қол жеткен асу. Тәуелсіздік таңы атысымен ұлттық идея мәселесі қолға алынды. Жұлдызды сәт Президентіміздің «Қазақстан жолы -2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты халыққа Жолдауында жариялаумен туды. Енді не істеу керек?

Біріншіден, «Мәңгілік Ел» идеясын зерттеуде, насихаттауда, оқу үдерісіне енгізуде самарқаулыққа жол бермеу керек.

Екіншіден, заманауи ұлттық идеямызды балабақшада, тәрбиеленіп жатқан бүлдіршіндерден бастап оқушыларға, студенттерге, жастарға жеткізу үшін бар күшті салған арттық етпейді. Осылардың санасына, өмір салтына сіңген құндылық пен сенім «Мәңгілік Ел» орнатудың қозғаушы күші болары күмәнсіз. Үшіншіден, «Мәңгілік Ел» идеясын қазақстандық кәсіпкерлер, бизнесмендер қолдауының маңызы зор. Төртіншіден, болашағы жарқын ұлттық идеямызды Қазақстандағы барлық этностар мен аймақтарға жеткізу атқарылар іс-шараның бір парағы ғана. Қазақ елінің мәңгілігіне, гүлденуіне қызмет ететін идея енді өмірге келді. Осынысымен-ақ «Қазақстан жолы -2050 бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» Жолдауының мәңгілік ғұмыры басталды.

«Мәңгілік ел» ұғымын тереңнен түсіндіру, тарихи негіздерін көрсету мәселелері маңызды болып табылады.

Ел ішіндегі тұрақтылық пен тұтастықтың бірқалыпты дамуының шешуші факторы болып табылатын ұлттық бірлік пен қоғамдық келісімге бастайды. Ал, бұл құндылықтар «Мәңгілік ел» жалпыхалықтық идеясында көрініс тапқан. Мәңгілік елге айналу үшін тәуелсіздікті сақтап, елдігімізді нығайту басты мақсат болып табылады. Өйткені, тәуелсіздік ұғымы халқымыздың мұраты, ғасырлар бойғы арманына айналған, сонау алаш тұлғаларының зердесі мен өнегесімен келген аманат дүние болатын. Бұл, Елбасымыздың: «...біздің бір ғана Отанымыз – тәуелсіз Қазақстан. Біз болашаққа көз тігіп, тәуелсіз елімізді «Мәңгілік Ел» етуді мұрат қылдық. Осы идеяны әрқайсысымыз сезініп, өмірлік сабақ ретінде түйсек, осы жолда бар әлеуетімізді салсақ, 2050 жылы мұрат еткен «Мәңгілік Елге» жететінімізге сенімдімін, өткен тарихымызға тағзым да, бүгінгі бағытымызға мақтаныш та, гүлденген келешекке сенім де «Мәңгілік Ел», – деген сөздерімен толыға түседі. Мемлекет басшысы Жолдауда атап өткен дүние елдің көкейінде жүрген мәселелер еді. Әсіресе, ұлттық бағыттағы, қазақ тілі, ел бірлігі қарқынындағы «Ана тіліміз Мәңгілік Елімізбен бірге Мәңгілік тіл болды!» деген сөздері «Елім» деген әрбір азаматқа ерекше рух бергені сөзсіз. Елімізді «Мәңгілік Ел» деп атайтын күн алыс емес. Ол байтақ жерімізді мекен еткен әрбір азаматқа байланысты. Бірлігімізді сақтап, ана тіліне деген құрметімізді берік етсек, ұлттық мүдденің үстемдік етері анық.

Елбасының осы Жолдауда көтерген идеялары жүзеге асырылса, еліміздің іргесі нық бекіп, келешек көкжиегіне талмай жетеріміз анық. Ол үшін бүкіл халық жұдырықтай жұмылып, бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығарып, ортақ мақсат үшін тынбай еңбек етуі керек. Мәңгілік Ел – ата-бабаларымыздың сан мың жылдан бергі асыл арманы. Ол арман –

әлем елдерімен терезесі тең қатынас құрып, әлем картасынан ойып тұрып орын алатын Тәуелсіз Мемлекет атану еді.

Бүгінде бізді «Мәңгілік Ел» құндылықтары: азаматтық теңдік, еңбексүйгіштік, адалдық, оқымыстылық, толеранттық, шын берілгендік пен патриотизм біріктіреді. Шындығында, бірлігі мықты, іргесі бүтін елдің қашанда ырзығы мол. Еліміз осындай баға жетпес байлығы – татулығымен мақтана алады.

Бұдан бөлек нақты 7 құндылық бар оларды атап өтсек:

1. Қазақстан тәуелсіздігі және астанасы
2. Қоғамымыздағы ұлттық бірлік, бейбітшілік пен келісім
3. Зайырлы қоғам және жоғары руханият
4. Индустрияландыру мен инновацияларға негізделген экономикалық өсім.
5. Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамы
6. Тарихтың, мәдениет пен тілдің ортақтығы
7. Еліміздің ұлттық қауіпсіздігі және бүкіләлемдік, өңірлік мәселелерді шешуге жаһандық тұрғыдан қатысу

«Мәңгілік Ел» идеясын жүзеге асыру белгілі бір құндылықтар жүйесіне негізделетіні белгілі. Сол құндылықтардың ішіндегі ең бастысы – қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде нығайту, қазақстандықтардың үш тілде еркін сөйлеуіне жағдай жасау. Мемлекеттік тіл «Мәңгілік Ел» идеясының негізі, өзегі. Мемлекет билігінің құдіреттілігі мен күштілігі қазақ тілінде сөйлеуімен өлшенеді. Мемлекет қай тілде сөйлесе, сол тілдің құдіреті қашанда үстем болады. Мемлекеттік тілде сөйлеу қазақ халқының ішкі бірегейлігін нығайтып, өркениеттік, мәдени бағытын арттырады. Тіл - ұлттың мәдени коды, ойлау және таным, дүниеге қатынасының, құндылықтарды бағалай білу жүйесінің коды. Тіл - билік, үлкен саясат. Тіл - «Мәңгілік Ел» идеясының басты қолдаушысы. Ана тілінді құрметтеу - ұлттық намысты ояту мен жаңғыртудың көзі. Бұл жолда тілдік және ақпараттық кеңістік қауіпсіздігін қамтамасыз ету - ел тәуелсіздігін қорғаудың басты ұстанымы болуы тиіс.

«Мәңгілік Ел» идеясын жүзеге асыратын және оны одан әрі дамытатын тағы бір құндылық – бүгінгі жастар. Жастар осы ұлттық идеяны жүзеге асыру үшін өз Отанын сүйетін ұлтжанды, патриот болулары керек. Патриотизм біздің қазақстандық жастар үшін, этностарды біріктіретін күш ретінде мойындалуы тиіс. Ел мәртебесіне, оның асқақтығы мен биіктігі, тұтастығы мен мызғымастығы тек әділеттілік пен өзара ынтымақтастық және сыйластық негізінде қол жеткізілуі тиіс.

«Мәңгілік Ел» идеясын жүзеге асыруда ұлт зиялыларына да жүктелер міндет өте ауыр. Сол зиялы қауымның бірі - ұстаздар. Ұрпақтың жұлдызын жағып, мәртебесін биіктететін де, тағылымын қалыптастырып, танымын кеңейтетін де – білім. Ілім мен ғылым - бұл қоғамдық мүдде. Өркениеттің өлшемі де, мемлекеттің келешегі де қашан да қоғамдағы білім деңгейіне тәуелді.

Жастарымызды білім машығын игеріп, алған білімдерін күнделікті өмірде және «Мәңгілік Ел» идеясын жүзеге асыру барысында тиімді пайдалана алуға баулу жолында еліміздің жарқын болашағы үшін аянбай қызмет етіп, ХХІ ғасыр Қазақстанның «Алтын ғасырына» айналуына сүбелі үлес қосып келе жатқанымызға мақтанамыз.

Бір сөзбен айтқанда, «Мәңгілік Ел» идеясын ұлттық идея ретінде қабылдау бүгінгі Қазақстан дамуының ішкі қажеттігінен, мемлекеттің тұтастығын сақтау идеясынан туындап отырғаны сөзсіз. Бұл идея тәуелсіз мемлекет алдында тұрған басты сұраққа жауап беріп, ұлттың болашақтағы дамуына жағымды әсер етуі тиіс. Сонымен бірге, ұлттық идея алдыңғы қатарлы және адамзаттың даму бағыты мен үрдісіне сай келетін болуы керек. Міне, осы тұрғыдан келгенде, «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясы Қазақстан халқын біріктіретін, елдің басты мақсатынан шығатын және соған толық жауап беретін идея десек, артық айтқандық емес.

Мәңгілік Ел — жалпы қазақстандық ортақ шаңырағымыздың ұлттық идеясы. Бабаларымыздың арманы. ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың бастамасымен Астанада асқақ рухымыз бен мәңгілік мұраттарымызды паш етіп тұрған «Мәңгілік Ел» салтанат қақпасының салынуы «Мәңгілік Ел» идеясының мемлекеттік идеологияға айналғандығының бір дәлелі.

«Мәңгілік Ел» сөзінің терең тарихи тамыры және үлкен мағыналы мәні бар. Түрік шежіресінде «мәңгі» сөзі «Тәңір», «Кұдай», «Алла» сөздерімен мағыналас қолданылды. Осыдан кейін, «Мәңгілік Ел» «Алла Тағаланың елі, халқы» дегенді білдіреді және мемлекет пен ұлттың уақытпен шектелмеген тұмары болады деуге толық негіз бар. Мәңгілік Ел ұлттық идеясының негізгі мәні — мәңгілік мақсат-мұраттарымыз бен мәдени-рухани құндылықтарымызға негізделген, мемлекет құрушы қазақ халқы мен өзге де ұлттардың ұлттық идеяларын бір арнаға тоғыстыратын идеология арқылы қалыптастырылатын қазақтың ұлттық мемлекеті.

Мәңгілік Ел ұлттық идеясы дегеніміз — өткенімізден сабақ ала отырып, болашағымызды баянды ету жолындағы хақ мұраттарымыз.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. «Егемен Қазақстан» газеті, 6 наурыз 2014 жыл, Астана
2. «Егемен Қазақстан» газеті, 26 ақпан 2014 жыл, Астана
3. «Қазақстан»: Ұлттық энциклопедия / Бас редактор Ә. Нысанбаев — Алматы «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998 жыл.
4. Н.А.Назарбаев «10 лет. Ассамблея народов Казахстана» А, 2005.
5. Ұлы дала елі, №7,15.10.2015

Бірліктің бастауы, елдіктің негізі- Мәңгілік Ел

Кентбек С.Қ. т.ғ.к., доцент

Қазақстан тарихы және ҚХА кафедрасының доценті,

Е.А. Бөкетов атындағы ҚарМУ

kentbek59@mail.ru

Ұрпақтан-ұрпаққа негіз болатын, Ұлы даланың көшіндегі бабалардан қалған аманат - ел тағдырын ойла, ал бірлігің болса, ынтымақтастықта жүрсең, үлкенге құрмет жасап, кішіге қамқор болсаң сайын даладағы тыныштығың да, ұрпағыңның тамыры да тереңге жететіні хақ деп тәлім берді.

Елдің бірлігін сақтау туған өлке, жерді, ата-мекенді қорғау әр ғасырдың, әр кезеңнің ұл-қыздарының басты мақсат-мүддесі және парызы болғандығы белгілі. Олай болса, елдік пен бірліктің, татулық пен ынтымақтастықтың көкейкесті мәселелері егемен, тәуелсіз еліміз Қазақстанның алдында да тұрғаны баршаға аян.

Қазақстан Республикасының Президенті, Елбасы Н.Ә.Назарбаев 2014 жылғы 17 қаңтардағы өзінің Қазақстан халқына дәстүрлі «Қазақстан-2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Жолдауында: «Біз үшін болашағымызға бағдар етіп ұлтты ұйыстыра ұлы мақсаттарға жетелейтін идея бар. Ол- Мәңгілік ел идеясы. Тәуелсіздігімізбен бірге халқымыз мәңгілік мұраттарына қол жеткізді. Біз еліміздің жүрегі, тәуелсіздігіміздің тірегі мәңгілік Елордамызды тұрғыздық. Қазақтың мәңгілік ғұмыры ұрпақтың мәңгілік болашағын баянды етуге арналады. Ендігі ұрпақ - мәңгілік қазақтың перзенті. Ендеше, қазақ елінің ұлттық идеясы-Мәңгілік Ел», - деп баса назар аударып, барша әлемге паш етті[1].

Осылайша, Қазақстан халқына арналған Жолдау көпұлтты Қазақстан халқын ұлы мақсаттар мен биік шыңдарға асқақтататын мемлекетіміздің негізі – ұлттық идея жарияланды.

Еліміздің тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаев: «Ұлттық идея ол еңалдымен өзінің ұлттық тұтастығын айқын түсінуге негізделеді. Ұлттық идея қоғамның өз ішінде пісіп-жетіледі. Онда сырттан таңылғын сипат болмайды. Ұлттық идеяны қалыптастыруымыз өзіміздің төл тарихымызды жаңаша ұғыну негізінде ғана мүмкін болмақ», -деп тұжырымдады[2,255б.].

«Мәңгілік Ел» идеясы Ұлы Даланы мекен еткен бабалардың асқақ арманы, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізілген аманаты. Ал, оның іске асуына еліміздің Тәуелсіздігі арқау болғандығы